

А. Маулет¹,
Ә.С. Сабырова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
²Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан
E-mail:mr.ardabi@mail.ru, aliya_sabyrova@mail.ru

Сарыарқа қазақтары фольклорлық мұрасының тәрбиелік мәні

Аңдатпа. Мақалада Сарыарқа қазақтарының рухани мұрасы оның ішінде ғасырлар бойы атадан-балаға ауызша таралған фольклорлық мұраларының жиналу, сақталу, зерттелу мәселелеріне және осы құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіне рөлі қарастырылады. Сарыарқаны мекен еткен қазақтардың рухани мұрасы туралы әр кезеңдегі жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедицияларға шолу жасай отырып, қазақ даласын оның ішінде Сарыарқа даласын аралаған шетел саяхатшылары мен отандық ғалымдарымыздың халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен этнографиялық жағдайынан мәлімет берген еңбектерінде, Сарыарқа өңіріндегі қазақтардың фольклорлық мұраларының озық үлгілерімен қоса (жоқтау, сыңсу, жарапазан, қара өлең, жұмбақ, жаңылтпаштар және т.б.) классик халық композиторлардың шығармалары, орындаушылық өнердің әртүрлі жанрларын ел арасынан жинап зерттегені анық көрінеді. Ұлттық сипатқа ие Арқа қазақтарының фольклорлық мұралары аймақтық, этникалық қоныстану ерекшелігіне байланысты өзіндік сипатқа ие екені анық. Сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, шетелден қандастарымыз көшіп келіп Қарағанды облысының елді-мекендеріне көптеп қоныстанды. Сол келген қандастармен бірге қазіргі жас ұрпақтың санасынан өшкіндеп бара жатқан, қазақтың әдет-ғұрып салт-дәстүріне, орындаушылық өнері мен этнографиялық құндылықтарының нышаны болған көптеген мұралар келді. Мақаланың ғылыми талдау бөлігінде, Сарыарқа өңірін мекендеген байырғы қазақтардың фольклорлық мұраларының үлгілері, қандастармен бірге келген құндылықтармен салыстырмалы қарастырылып, аймақтық-орындаушылыққа тән ортақ ерекшеліктері, ұлттық рухани тұтастық тұрғысынан тұжырымдалады. Мақалада берілген «қара өлең», «жарапазан», «жоқтау», «жұмбақ», «жаңылтпаш» сияқты фольклорлық мұралар туралы құнды деректер, Сарыарқа қазақтарына жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедиция барысында жиналған тың материалдар негізінде сұрыпталды.

Түйін сөздер: Сарыарқа даласы, рухани мұра, фольклорлық мұралар, бата, жұмбақ, сыңсу, жоқтау.

*Мақала 2022-2024 жылдарға арналған ҚР ҒжЖБМ грантымен қаржыландырылатын АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» тақырыбындағы «Жас ғалым» жобасы аясында дайындалды.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-102-114>

Кіріспе. Қазақ халқының бейзаттық (материалдық емес) мәдени мұралары сан ғасырлық тарихын жоғалтпай, қазақтың ұлттық салт-дәстүрінде ерекше орын алып, құймақұлақтық қасиетпен сақталса да, бүгінде жоғалуға шақ қалған сан-салалы фольклорлық мұраларымызбен орындаушылық өнердің сирек нұсқалары (жарапазан, сыңсу, жоқтау, қара өлең, ән-күйлер, өлең-жырлар, бата, жұмбақ-жаңылтпаштар) жаңа Қазақстанның ұлттық идеологиясын қалыптастыратын ең басты кодымыз. Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасының үкіметінің, 2011 жылғы 1 маусымдағы № 613 қаулысымен ратификациялаған конвенция негізінде, 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысымен қабылдаған, Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамада нақты көрсетілген міндеттерді [1] негізге ала отырып, Сарыарқа қазақтарында сақталған музыкалық мұраларымызды сақтау, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл келешекте, Сарыарқа (Қарағанды облысындағы) даласындағы рухани құндылықтарды сақтаушылардың және олардың ұстанып отырған мұра элементтерінің толық ұлттық тізімін жасауымызға зор мүмкіндік береді. Сарыарқа даласындағы рухани мұраның көзі тірі мұрагерлері бүгінде күн санап азаюына байланысты, олардың жадында сақталған осы құндылықтарымызды жалғастырып жазу, сақтау, зерттеу мәселесі келешекте де барынша өзекті болмақ.

Зерттеу әдістері. Рухани мұраларды ғылыми зерттеуде тарихи-типологиялық және салыстырмалы-теориялық, жүйелі этнофондық зерттеу әдістемелері мен кешенді зерттеу тәсілі қолданылды.

Әдебиеттерге шолу. Қазақстанның орталық аймағы саналатын Сарыарқа даласы ұлттық құндылықтарға аса бай. Қазақ музыкасы, оның ішіндегі аспаптық музыка туралы қазақ даласына келіп зерттеу жүргізген шетелдік және отандық ғалымдардан П.В. Аравин [2], В.В. Радлов [3], ал ХІХ ғасырда ұлы саяхатшысы Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде қазақтың рухани құндылықтарының байырғы үлгілері (жоқтау, жылау, қайым, қара өлең т.б.) [4], сондай-ақ академик Ә. Марғұланның Сарыарқа даласында сал-серілік өнерін қалыптастырған халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы жайында терең зерттелген [5]. А.В. Затаевич 1925 жылы «1000

песен киргизского народа» және 1931 жылы «500 казакского песен и кюев» атты далалық экспедиция негізінде жинаған ән-күйлерден тұратын ұлы еңбектерін жариялады [6]. А.В. Затаевич «500 казакского песен и кюев» еңбегінде 1926 жылдың шілде және тамыз айларында алғашқы сапарын Семейден бастап, кейін Қарқаралыға, одан кейін жәрмеңке өткен Қоянды жерінде болып қыруар әндер жазып алғанын айтады [7, 5-6).

Сарыарқаның фольклорлық мұраларын жинап, зерттеу мақсатында бірнеше жылдар бойы зерттеулер жүргізілді. Академик А.Қ. Жұбановтың қазақтың музыкалық мұраларын орындаушылық және ғылыми айналымға енгізу тұрғысында сіңірген еңбегі зор [8, 203-233]. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы қызметкерлері Қарағанды облысына 1966, 1967, 1972, 1986, 1987 жж. Жезқазған облысына 1975, 1982, 1984, 1986, 1987 жылдары Сарыарқа өңіріне музыкалық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, ел арасындағы рухани мұраны ұстанушылардың аузынан қыруар материалдар жазып алған [9]. Осы экспедицияларда жиналған фольклорлық мұралар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасында бүгінге дейін сақталып, әлі толыққанды жарық көрмеді.

Бұдан бөлек әр жылдары жекелеген зерттеушілер, Сарыарқа өңіріне жинау, зерттеу экспедициясын жүргізіп келді және жиналған мұралар жеке қорларда сақталуда (*Қарағанды облысы Шет ауданында тұратын жазушы, этногрф Кәмел Жүністегиінің және ғалым Базаралы Мүптекеевтің, күйші-зерттеуші Саян Ақмолда т.б. ғалымдардың жеке қорлары*). Сарыарқаның ән-күй мұрасы туралы Т. Бекқожина [10, 45-46], Б.Ж. Аманов, Ә. Мұхамбетова [11, 92-226], Б. Каракулов [12, 39-42], А. Сейдімбек [13], С. Өтеғалиева [14, 61-72], З. Қоспақов [15], П. Шегебаев, С. Елеманова [16], А. Бердібай [17, 17-22], Ж. Жүзбай [18, 17], Р. Малдыбаева [19, 51-56], Б. Мүптекеев [20, 5-42], Ә. Сабырова [21, 196-205], А. Байбек [22, 44-50], А.Ж. Қазтуғанова [23, 132-296], Р. Стамғазиев [24, 22-354], М. Әбуғазы [25, 144-198] т.б. қазақтың өнертанушы және фольклортанушы ғалымдары зерттеулер жүргізіп келеді.

Талқылау. Сарыарқа өңіріндегі яғни Қарағанды облысындағы фольклорлық мұраларды кешенді зерттеу жұмыстары

негізінде, орындаушылық өнердің салаларына байланысты (*ән-күй, терме-толғаулар, жыр-дастандардан үзінділер*) шығармалар, қазақ халқының жиын-тойларында айтылатын (*қара өлең, арыз өлең, жар-жар т.б.*) өлеңдер, отбасылық әдет-ғұрпқа байланысты айтылатын (*жоқтау, сыңсу, жылау, бесікке бөлеу дәстүрі, шілдехана, бесік жыры т.б.*) тұрмыс-салт әндері, сондай-ақ фольклорлық мұралардың әртүрлі жанрларынан: халық ауыз әдебиетінің дидактикалық қысқа жанрлары (*жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, мақал-мәтелдер т.б.*), қазақ халық емшілігі (*сынықшылық*) туралы, көне наным-сенімге қатысты дәстүрлер (*бата беру, құмалақ салу*), ел мен жердің тарихына қатысты халық аузындағы аңыз-әңгімелер, ертегі қатарлы жанрлардан көптеген материалдар (*бейне-фото, фото форматта*) жазылып сақталды.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданынан фольклорлық жанрдың бірнеше түрі жазылды. Ұлытау ауданының Амангелді ауылында тұратын Құрманәлі Әбілғазыұлының айтқан жарапазанында бастапқы бір-екі шумақ тақпақтап (әуенсіз, кіріспе тәрізді) бастап, одан кейін негізгі ой ән сарынында айтылады, әрбір шумақтан соң, ән қайырмасы сияқты қайырма айтылады. Ең соңында жарапазанның батасын тақпақтатып (*әуенсіз*) айтады. Жарапазанның мұндай қара өлең формасындағы (*4 жол, 11 буыннан тұратын шумақта*) айтылатын үлгісі, әсіресе Шығыс Қазақстан немесе Жетісу жерінде әлі күнге дейін сақталған. Құрманәлі Әбілғазыұлы айтқан жарапазанды жазып алу барысында орындалу ерекшелігі жағынан Жетісу өңіріндегі айтылатын жарапазанның ескі үлгісіне жақындығын анықтап, орындаушыдан қайдан, қалай үйренгені туралы мәлімет сұрағанымызда, ол кісінің қазіргі қытайға қарасты Іленің бойында туып, 1963 жылдары Ұлытау жеріне көшіп келгені, жарапазанның бұл түрін бала күнінен бері айтып келе жатқаны белгілі болды.

Мысалы, Ұлытау ауданының Амангелді ауылында тұратын Құрманәлі Әбілғазыұлының орындауындағы жарапазанның мәтіні (қысқартып беріп отырмыз):

Үйің үйің үй екен,
Үйдің көркі түйе екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.
Ақсарайдай көрінген,
Қайсы байдың үйі екен.

Мен танымай жүр екем,
Өз ағамның үйі екен.
Айтамын жарапазан еліңізге,
Байлай көр шаршы орамал белімізге.
Байласаң шаршы орамал белімізге,
Кетеміз мақтай-мақтай елімізге.

Қайырмасы:
Бай-Мұхаммед үмбетіңе жарапазан,
Оразаң қабыл болсын ұстаған жан.

Жарапазан батасы:

Жарапазанның дәл осындай үлгісі Шет ауданының Киікті ауылында тұратын Аяш Әлімақынқызынан жазылды. Бұл жарапазанның орындалу ерекшелігі (*ырғақтық, әуендік т.б. жағынан*) Ұлытау ауданы Амангелді ауылының тұрғыны Құрманәлі Әбілғазыұлының орындауындағы жарапазанмен мазмұны (мәтіндік) және орындалуы жағынан өте жақын. Олай болуының себебі біз жазып алған жарапазанның осы үлгісін жеткізген екі орындаушы да Жетісу жерінде туып, бала күнінен жарапазанның осы нұсқасы жадында сақталған.

Мысалы, Шет ауданы Киікті ауылының тұрғыны Аяш Әлімақынқызының орындауындағы жарапазанның мәтіні (қысқартып беріп отырмыз):

Үйің үйің үй екен,
Үйдің арты ши екен.
Ақ сарайдай көрінген,
Қайсы байдың үйі екен.

Ассалаумағаликум Дәуіт ғалам,
Осы үйдегі байларға бердік салам.
Осы үйдегі байларға бердік салам,
Саламымды жеткізсін Алла-тағалам.

Қайырма:
Ил-алла асырамазан, сайрамазан.
Біркелген он екі айда ораза-иман.

Ал Киікті ауылдық Сыдық Мұхаметжанов атындағы орта мектептің 8 сынып оқушысы Дастан Жүнісұлынан жазылып алынған жарапазан әуендік (әуен, ырғақ т.б.) және мазмұндық (мәтін) жағынан басқаша. Яғни, жарапазанның бұл үлгісінде, жоғарыда айтылған екі үлгідегі (*Құрманәлі Әбілғазыұлы мен Аяш Әлімақынқызы орындаған*) сияқты бастап орындалғанда айтылатын кіріспе

тәрізді мәтін кездеспейді және белгілі бір жүйелі әуенмен емес, бастан-аяқ тақпақтап қана айтылады. Жарапазанның бұл үлгісіндегі мәтіннің мазмұнына байланысты да осы заманғы үлгіде шыққанын аңғаруға болады.

Мысалы, Киікті ауылдық Сыдық Мұхаметжанов атындағы орта мектептің 8 сынып оқушысы Дастан Жүнісұлының орындауындағы жарапазанның мәтіні (қысқартып беріп отырмыз):

Ақ тауық, қызыл тауық қырман
жеші ары-ей,
Осы үйде бір жеңгем бар теңге шашар ей.
Теңгенді шашпай-ақ қой қолыма бер,
Жанымда құрдасым бар ала қашар ей.

Қайырма:
Мұхаммедтің үмбетімін жарапазан,
Оразаң қабыл болсын ұстаған жан.

Жарапазан батасы:

Жарапазан жыры басталмас бұрын айтылатын кіріспені кейбір зерттеу еңбектерде [26, 386-397] *желдірме* деп те атайды. Әрі кіріспе тәрізді тақпақтап айтылатын мазмұн жарапазан айтылып жатқан уақыттағы жағдайға байланысты да өзгеріп отыратын болған.

Үйің үйің үй екен,
Үйдің арты ши екен – деп әдетте жиі басталатын кіріспе, жарапазан айтып барған үйдегі адамдардың жарапазаншыларды қандай көңіл-күймен қарсы алуына байланысты басқаша мазмұнда өзгеріп отыратын болған. Мысалы, кейде жарапазан айтушылар барған үйінен мол сыйлық алу үшін бұған дейін барып келген үйді жамандап, келген үйлерінің бағасын асырып, кіріспе мазмұнды былай айтатын болған:

Ана белдің астында,
Пасық байдың үйі екен.
Қатынынан аспайтын,
Жасық байдың үйі екен.
Қайыр-зекет шықпайтын,
Сасық байдың үйі екен.
Сақабатсыз, қайырсыз,
Бақ қашатын үй екен.
Шариғатты тыңдамай,
Ақсататын үй екен.
Бір асым ет тұрғызып,

Қақсататын үй екен [26, 390-391] – деп жарапазан айтылған уақыттағы жағдайға байланысты кіріспе де өзгеріп отырған.

Жарапазанды көптеген зерттеулерде қазақ ауыз әдебиетіне ислам дінінің ықпалымен қосылған жанр деп қарастырады [27, 14-15]. Ал кейбір зерттеу еңбектерде жарапазанның ислам дінінен бұрын қазақ даласында кең дамыған жанр екенін айтады. Қалайда жарапазан мазмұнында халыққа, елге береке-бірлік, амандық-саулық тілеу айтылады.

Зерттеуімізде кездескен жеткізушілер, бала күндерінде айтқан жарапазанның естерінде қалған бөлімдерін ғана ойына түсіріп айтып берді. Яғни, жарапазанның басынан бастап, аяқталғаннан кейінгі берілетін батасына дейін толық қамтылмаған деп айтуға болады. Мұның бір себебі, көшпелі өмірден бірыңғай отырықшылыққа (қалалық өмір) көшкен осы заманғы өмір дағдымыз болып отыр. Қазір Қазақстанның шалғайдағы елді-мекендерінде ораза кезінде ауыл балалары ғана жарапазан айтуы мүмкін, ал бұрынғыдай жиі айтылатын жарапазан дәстүрі ұмытылуға шақ қалды.

Мұң-шер әндері - Ұлытау ауданының Қаракенгір ауылында тұратын Гүлжаухар Тақашқызы Әжібенова мен Айтолқын Амандыққызы Мұқановадан сол өңірде кісі өлімі болғанда ертеден айтылып келе жатқан жоқтаудың 3 түрі жазылды.

Ұлытау ауданы Қаракенгір ауылынан жазылып алынған «Қара дауыс», «Әйелдің ерін жоқтауы», «Енені жоқтау» сияқты жоқтаудың түрлерінде, музыкалық әуен «**Секунда**» (бір тондық дыбыс қатары) және «**Терциялық**» (бір жарым не екі тондық дыбыс қатары) дыбыс қатарымен қайғылы жүріп отырады және қайталанып отырады. Жоқтаудың бұл әуендік ерекшелігі қырғыз халқының кісі өліміндегі жоқтаудың әуендік ерекшелігіне жақындығы басым. Музыкалық ырғақтық өлшем жағынан да үнемі өзгеріп отырады. Қазақтың мұң-шер әндері туралы: «Жоқтау әндерінің үлгілерін салыстыра қарағанда, дыбыс диапазоны жағынан тар көлемдегі (трихорд, тетрахорд, пентахорд, гексахорд) аралығында және ауыспалы өлшемдер (5/4, 7/8, 3/8, 2/4, 5/8, 6/8) арқылы өрістеумен қатар, көпшілігі дәстүрлі саздарда секундалық, терциялық интонациялардан, дауыс ырғақтарынан құрылатыны анықталды [29, 12]». Ұлытау ауданы Қаракенгір ауылынан жазып алған жоқтаудың бұл түрін, сол елдің арасында «қара дауыс» деп те атайды. Яғни кісі өлімі болғанда сол қайтқан адамның етжақын туыстарының әйел адамдары жиналып бір

дауыста бір уақытта (ансамбль тәрізді) топтық дауыс шығарып айтады. Бұл «қара дауыс» деп аталады. Топтық дауыс тоқтағанда қайтқан кісінің ең жақын адамы (жұбайы) жалғыз дауыста жоқтауды жалғастырады.

Фольклордың алғашқы бұл түрі тұрмыс-салттық, эпикалық жанрлардың сонымен қатар, басқада халық музыкасының негізін қалап, лирикалық әндердің, айтыстың, аспапты музыканың өзектерін құрап, халық композиторларының, әнші-күйші, салсерілердің шығармашылығына елеулі ықпалын тигізді. Сондай әндердің бірі Қарқаралыдан жазып алынған (Бәтима Бахриденқызының орындауындағы) «Атаны жоқтау» ғұрыптық әнінде қайтыс болған үйдің келіні қайын атасын жоқтайды. Атасының тіршілігіндегі кісілік қасиеттері, балашағасына қалдырған ізгілік жолдары, дәулеті, ел-жұртының алдындағы абырой-беделін үйдегі әйелдер жағы жоқтау айту арқылы білдірсе, екінші жағынан ол кісінің өлімінің орны толмас қайғы екенін ел-ағайынға жеткізеді. Бұл әнде әуен бірден көтеріңкі басталмай сабырлы, ауыр басталып бара-бара зарлы, қайғылы әуенге ұласады. Сондай-ақ, Зейнеп Несіпбаеваның айтып берген қыз ұзату салтындағы «сыңсу» өлеңіндегі әуен, орындаушының айтуынша Қарқаралы жеріндегі бұрыннан айтылып келе жатқан ескі әуен. Жалпы осы сыңсу туралы басқа түрік халықтарында да бар екені айтылады. Мысалы, көршілес қырғыздарда «жар-жар», өзбектерде «иор-иор», қарақалпақтарда «хау-жар», татарлар мен әзербайжандарда «яр-яр» деп айтылады [16, 12]. Еліміздің шығыс өңірінде әсіресе Қытайдағы және Моңғолиядағы қаңдастарымыздың арасындағы салттарда сыңсуды «көріс айту» деп те атайды. Көріс айтуда дәл сыңсудағы сияқты ұзатылып бара жатқан қыз туған ел-жұртымен көріс айтып қоштасады. Сондай-ақ, ол жақтағы ағайындардағы салт бойынша ұзатылар алдындағы қыз айтатын ақыл-кеңес жыры деген бар. Бұл әнді «аушадияр» деп атайды. Қыз әнді аттанар сәтте не болмаса той үстінде артында қалған жігіттерге аманат, кеңес ретінде айтады [28, 94]. Қыз ұзату салтындағы бұндай салттар Қазақстан жерінде ертеректе болған. Бірақ қазіргі таңда мұндай ғұрыптық әндердің біразы ел есінен, әсіресе жастар санасынан түбегейлі ұмыт болды деуге болады. Біздің зерттеуімізде жазылып алынған тұрмыс-салт әндері Қарағанды облысының аудандарында жасы елуден асқан егде кісілер

арасында әлі де сақталғанын байқадық, бірақ жастар жағынан осы мұраларымызды ұстанушыларды кезіктірмедік. Сондай-ақ, Ұлытау және Қарқаралы өңірінде айтылатын жоқтау, сыңсу, т.б. тұрмыс-салт өлеңдері әуендік немесе ырғақтық жағынан бір-бірінен айырмашылықтары бар. Бұл ерекшеліктер әр аудандағы қазақтардың өздеріне тән бұрыннан рулық-этникалық қалыптасуының негізіндегі, тұрмыс-тіршіліктегі кісі өлімі, той (қыз ұзату, келін түсіріу т.б.) салт-жораларының аясында туып дамыған музыкалық мұралардың (орындаушылық өнердің) байырғы үлгілерінің аймақтық-орындаушылық қасиетін сақтап қалуының негізі болды.

Халық мұрасының ауыздан-ауызға таралып арнайы, осы уақытқа дейін тәрбиелік мәнін жоғалтпаған бір саласы – **жұмбақтар**.

Сарыарқа қазақтарындағы рухани мұраларды жинау жұмыстары кезінде, Қарқаралы ауданының М. Мамраев ауылында тұратын Нәписә Нұрмағамбетқызынан (15.05.1926 ж. туған) 7 жұмбақ жазылды. Бұл жұмбақтар мазмұндық жағынан табиғат көріністері мен адам не жан-жануарларға қатысты немесе күнделікті тұрмыстағы (шаруашылықтағы) қолданатын заттарға қаратылған. М. Әуезов жұмбақ адамның дүниетану жолындағы ойының, киялының шамасын білдіреді дей келе, жұмбақтың мазмұнына кіретін заттарды «табиғат жайлы», «адамның денесі», «хайуанат пен өсімдік», «бақташы», «егінші елдің еңбек процессі», «техника жайлы», «еңбек құралы» - деп жинақтайды [30, 5]. Экспедиция кезінде жазып алған жұмбақтарда аталған заттар жұмбақ мазмұнында көрініс тапқан. Мысалы, Нәписә Нұрмағамбетқызының аузынан жазып алынған:

Айт десеңіз айтайын ая батыр,
Болғанда асты тақыр, үсті шатыр.
Қазандай қаратастың дәл түбінде,
Адам таппас бір асыл зөхар жатыр.
(Малдың не адамның өті)

Бұл жұмбақта қазандай қара тас деп, адамның не малдың бауырын айтса, асыл захар деп сол бауырға жақын орналасқан өтті көрсетіп тұр. Бауыр мен өттің адамның не малдың ең негізгі ішкі организмдерінің бірі екенін астарлап көрсеткен.

Жұмбақта кездесетін тағы бір ерекшелік – халықтың тұрмысында қолданатын заттарды қосарлап, жұптап айту. Айтатын заттың

белгілерін бір-бірімен салыстыра теңеп немесе астарлап жеткізу арқылы жұмбаққа жасырған белгілі заттардың бір-бірінің қасиеттері арасындағы заңды байланыс арқылы шешуін табуды көздейді. Оның мысалы, Нәписә Нұрмағамбетқызы айтқан мына жұмбақта айқын көрінеді:

Алты ала қаз, бес бала қаз
От арбаға артқанда
Бір тал уық, бір буда ши қалғанда
Таңертең ұшқан тұрымтай
Кешке келіп қонар ма
Таңертең қашқан қызыл шар
Кеште келіп бұзаулар

(Самауыр, ыдыс-аяқ, күн, ай)

Жұмбақта заттардың ұқсас, тектес қасиеттеріне қарай атқаратын қызметін көрсетіп отыр.

Қазақтың көшпелі тұрмысындағы киіз үйі туралы жұмбақтар халық арасында жиі кездеседі. Кейбір жұмбақтар киіз үйдің сыртқы келбетін бейнелесе, кейбір жұмбақтарда киіз үйдің ішіндегі жабдықтары мен күнделікті тұрмыстағы тұтыну бұйымдарына дейін тұспалдап бейнелейді. Мысалы, Нәписә Нұрмағамбетқызы айтып берген мына жұмбақта киіз үйдің сыртқы пішіні мен төбесіндегі түндікті астарлап айтқаны көрініп тұр:

Бір нәрсе анау тұрған көресің бе,
Жаны жоқ қимылдауға денесінде.
Сүйегі ішіндегі бақша-бақша,
Бар екен жалғыз көзі төбесінде.

(Киіз үй)

Жұмбақта қимылдауға жаны жоқ, ішіндегі сүйегі бақша-бақша деп киіз үйдің ішіндегі сан түрлі заттарымен қоса қимылсыз пішінін айтса, төбесінде жалғыз көзі бар деп ашылып не жабылатын түндігін меңзеп тұр. Киіз үй туралы жұмбақтар халық арасында жиі айтылады және астарлап бейнелеуі әртүрлі болады. Бірақ мазмұны ұқсас. Мысалы, киіз үй туралы мына бір жұмбақта:

Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады.
Құсша қонады [31, 161].

(киіз үй)

Киіз үйді білдіретін жұмбақта теңеу мен астарлап айтылуы мәтіндік жағынан басқаша болғанымен мазмұны бір.

Ел арасында кездесетін жұмбақтар арасында айтуға ыңғайсыз (ұят), бірақ шешуі

күнделікті тұрмыстағы заттардың атауы немесе басқа түрлі заттарға қаратылғандары бар. Мысалы, Нәписә Нұрмағамбетқызынан жазып алған жұмбақтарымыздың ішінде мынадай жұмбақ кездеседі:

Апамның үстінде атам жатыр,
Қызылы кіріп, ағы шығып жатыр.

(Тас диірмен)

Жұмбақта бірінің үстінде бірі жататын тас диірменнің екі тасын апа мен атаға теңеп, қызылы кіріп деп диірменге салатын бидайды айтады, ал ағы шығып жатыр деп бидайдан тартылған әшпақ ұнды айтқан. Осындай естіген құлаққа ерсі, бірақ әдеттегі заттарды бейнелейтін екі шешімді жұмбақтар туралы Ш. Керім: «халық ішіндегі жұмбақтардың келесі бір үлкен тобына әдейі екі шешімді жұмбақтар жатады. Екі ұшты шешімнің бірі – адам аузына алып айтуға ұят, ерсі сөз болса, екіншісі әдеттегідей болуы шарт» [32, 31] – дейді.

Қорыта айтқанда Сарыарқа қазақтарының арасында жұмбақ жанрын осындай жасы егде тартқан бірді-екілі кісілерден жазып алдық. Ал бұл жанрдың атадан-балаға үзбей жалғастығын тапқаны байқалмайды. Жастар жағы мұндай мұраларды біле бермейді. Дегенмен көнекөз үлкендердің аузында сақталып қалған жұмбақтар әлі де болса халық арасында өз өміршеңдігін жоғалтпағанын аңғаруға болады.

Нәтижелер. Біздің зерттеу экспедициямыз аясында жазылып алынған дүниелердің ішінде, қазақ ауыз әдебиетінің қысқа жанрларының бірі – **жаңылтпаштар**. Яғни, Қарқаралы ауданының М. Мамраев ауылында тұратын Нәписә Нұрмағамбетқызынан жаңылтпаштар да жазылып алынды. Бұл жаңылтпаштар жас ұрпақтың тілін сындырып, сөзді тез әрі таза айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. жаңылтпаш әдетте қатаң немесе ұяң дауыссыз дыбыстардан құралып, қара сөзбен не өлең болып та айтылады. Жаңылтпашты айтқанда сөзі жаңылдыратындай қиын болады. Оны айтудың негізгі шарты тоқтаусыз тез айтуға тиіс. М. Ғабдуллинның зерттеу еңбектерінде жаңылтпаш айтқанда екі жәйт ескеріледі дейді. Біріншісі, жиналған жұртты күлдіру болса, екіншісі, әрбір сөзді шапшаңдықпен шебер айтуға, тіл ұстартуға үйрету дейді [33, 86].

Нәписә Нұрмағамбетқызы айтқан жаңылтпаштар:

Қара алалар, қара алалар
Қара аланың үйірін бөрі аралар,
Бөрі аралар, бөрі аралар
Бөрі аланың құйрығы талға оралар

Атамның үйіне барғым келді
Құрт асағым келді, құрт асағым келді.

Сарыарқа қазақтарында сақталған фольклорлық мұраларды жинау кезінде табылған бұл жұмбақтар мен жаңылтпаштардың кейбіреуілері бұған дейінгі зерттеу еңбектерде жарық көрген. Біздің назарымызды аударғаны осы дүниелердің әлі де ел арасында ауызекі айтылып сақталып келе жатуы.

Халықтық әндер (қараөлең) - Сарыарқа қазақтарында сақталған рухани мұраларды жинау мақсатындағы экспедиция барысында бірнеше халықтық әндер мен көне сарында айтылатын қараөлеңдер жазып алдық. Бұл әндер мен қараөлеңдерді орындап жеткізушілер негізінен Қарағанды облысының елді-мекендеріндегі көнекөз кісілер және тәуелсіздіктен кейін шеттен (Қытай, Моңғолия) көшіп келген қандас ағайындар. Яғни, осы жолы біздің қорымызға жазылып алынған қараөлеңдер мен халық әндерінің көбі шығыс өңірде халық арасында ауызекі айтылатын лирикалық әндер мен өлеңдер болды. Қазақтың қарапайым қараөлеңі туралы ғалым Ш. Уәлиханов: «Әдеттегі үйреншікті өлең, бұл өлең төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады, сондай-ақ бұл өлең дауысқа негізделеді» [34, 89-90] - деп халықтық қара өлеңге сипаттама береді. Жиі айтылатын бұл өлең түрлері, халық арасында халық әні немесе қараөлең, өлең деген атаулармен аталады. Қазақтың поэзиялық және музыкалық тұрғыдағы сөз саптау шеберлігінің негізінде қараөлеңді немесе халық әндерін айтушылар суырыпсалмалық қасиетпен еркін орындай береді. Қараөлеңнің жиі айтылып қалыптасқан формасы 2 немесе 4 жолдан кейін қайырма қайталанып отырады. Осы жерде айта кететін бір жәйт, бағзыдан келе жатқан қараөлеңдерде, ән (қараөлең) бірден кіріспе әуенмен басталып, одан кейін негізгі әуенге көшеді және әрбір шумақ аяқталғанда кіріспе ретінде айтылған шағын әуен қайырма ретінде орындалып отырады. Қазақтың қараөлеңіндегі мұндай формалық ерекшелікті қазіргі ән туралы зерттеулерде бірден қайырмадан басталған әндер деп

қарайды. Ал негізінде бұл ерекшелік ұлттық ән өнеріміздің бастау көзі саналатын халық ортасында ежелден ауызекі айтылып келе жатқан қараөлеңдер мен халық әндеріне тән ғана қасиет. Ән өнеріндегі осы құндылықтар дами келе қазақтың кәсіби ән өнерінің қалыптасуына өз мүмкіндігін көрсеткені анық. Фольклор жанрларына жататын осындай әндер туралы музыкатанушы ғалым П. Шегебаев пен С. Елеманова «Қазақ музыка әдебиеті» атты еңбегінде халық арасында кең таралған қара өлеңдерге 5 түрлі сипаттама береді: біріншіден, мұндай әндердің авторы белгісіз, сондықтан бұларды авторлық көзқарас пайда болғанға дейінгі көне заман туындылары деуге болады. Екіншіден, фольклорлық әндер мен күйлер құрылымы мен мазмұны жағынан қарапайым болып келетіндіктен, оларды орындау арнайы не кәсіби дайындықты қажет етпейді, мұндай әндер мен күйлерді әркім өз әлінше орындайды. Үшіншіден, мұндай әндер тыңдаушы аудиторияны қажет етпейді, шағын жиын-тойларда орындалады. Орындаушылар осы әндер арқылы өздерінің ішкі-сезімін, көңіл-күйін шертеді. Төртіншіден, фольклорлық жанрлар халықтың күнделікті өмірінде қолданылатын өнер болғандықтан, оны орындаушылар табыс таппайды, жалақы алмайды. Бесіншіден, фольклорлық әндер аспаппен сүйемелдеуді қажет етпейді, ал оның кейбіреулерінде аспаппен сүйемелдеу тіпті ерсі көрінеді [16, 8].

Қарағанды облысының бірнеше ауданынан жазылып алынған әндердің ішінде осындай ерекшелікке ие халық әндері мен қараөлеңдер кездесті. Мысалы, Шет ауданы Ақадыр кентінде тұратын Төлеген Ақанұлынан орындауында алынған «Ағайын» атты қараөлеңде:

Күнім ағайын,
Айым ағайын.
Ағайынның жанында-оу,

Білгенше әнге салайын – деген кіріспе әуенмен басталып, ары қарай төмендегідей 11 буынды төрт жолдан тұратын қараөлеңнің негізі әуеніне көшеді. Осы негізгі әуен басталатын шумақтан кейін бастапқыда айтылған кіріспе, қайырма болып қайталанып отырады. Мұндай халық әндері немесе қараөлеңдер бұрыннан қазақ ортасында жиын-тойларда үлкендердің не жастардың ортасында айтыс түрінде көп айтылатын болған. Яғни, қыз ұзату немесе құда күту

сияқты тойларда қараөлеңмен айтысу дәстүрі ерекше орын алған. Айтысқан екі жақ (құдалар жағы немесе жас қыз-жігіттер арасында) суырыпсалмалық қасиеттің арқасында қараөлеңнің әуенін ауысырып еркін айтыса берген. Бұл салт Моңғолия мен Қытайдағы қаңдастар арасында әлі күнге дейін жақсы сақталған. Бұл сөзімізге дәлел, Моңғолия қазақтарының ән-күйлеріне байланысты ғылыми зерттеулерде: «Моңғолия территориясында мекен ететін қазақтардың арасында түрлі халықтық жиындар мен мерекелердегі көпшілік суырыпсалмалық көріністен құрылатын ерекше мақам қалыптасқан. Суырыпсалмалық тек музыкалық мәтінге ғана емес, сонымен қатар поэтикалық мәтінге қатысты екенін атап өткен жөн, өйткені ол экспромтпен диалогтық формада, екі адам арасындағы айтыс түрінде орындалады» [35, 36-37] – деп Моңғолия қазақтарында айтылатын қараөлең немесе халық әндерінің құрылымдық ерекшеліктері туралы анықтама берген. Төлеген Ақанұлы орындап берген тағы бір «Құрбылас-ай» атты қараөлең төменгі субквартамен мажорлы пентахортда орындалады. Қатар өрілген дыбыстар арқылы әуен жоғарғы квинтаға қарай бірте-бірте жылжиды. Әуендік-интонациялық құрылымы гехсахорд арқылы ауыспалы өлшеммен дамиды.

Сарыарқа даласына жасалған экспедиция кезінде табылған қараөлеңдер немесе халық әндері Шығыс Қазақстан өңірінде халық арасында орындалып келген әндердің байырғы үлгілерін айқындайды. Кейбір қараөлеңдер сахналық кәсіби әндердегі сияқты аспапта орындауға ыңғайлы, белгілі қайырмасы бар толық фактурасы қалыптасқан әндер. Бұл әндердің құрылымдық ерекшеліктері (ырғақтық, құрылымдық, орындалу т.б Шығыс Қазақстан өңіріндегі әндердің музыкалық тілінің эволюциясын айқын білдіреді. Сондай-ақ бұл ән-өлеңдер жоғарыдағы орындаушылардың орындауында бұдан бұрын еш жерде жарық көрмеген тың шығармалар.

Қорытынды. Сарыарқа қазақтарына (Қарағанды облысы бойынша) жүргізген рухани мұраларды жинау экспедициясында қазіргі жас ұрпақтың санасынан өшкіндеп бара жатқан орындаушылық өнердің әр түрінен (жарапазан, сыңсу, жоқтау, қараөлең,

ән-күй, халық әндері) жалпы саны 310 шығарма жиналып, қазақтың тұрмыс-салт өлеңдеріне жататын жоқтау, сыңсу, ескі қара өлеңдер мен жарапазан әндері, халық әндерінің мақам-сазының көнелігі назар аудартты.

Қарағанды облысы көлемінен жиналған материалдардың ішінде бұдан бұрын ғылыми және орындаушылық бағытта жарық көрмеген, жаңадан табылған тұрмыс-салт өлеңдері мен халық әндерін айрықша атауға болады. Бұл мұралар қазақтың әдебиеттану, өнертану саласындағы ғылыми ізденушілер үшін де жаңа материалдар болары сөзсіз.

Сарыарқа қазақтарының рухани мұраларын жинау, зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе **төмендегідей тұжырымға** қол жеткізді:

- Қарағанды облысының елді-мекендерінде тек жасы егде тартқан кісілердің жатқа айтуында ғана жоқтау, сыңсу, жарапазан, қара өлең, жұмбақ, жаңылтпаш сияқты орындаушылық өнердің және ауыз әдебиеті жанрының байырғы үлгілері әлі де сақталған. Ал жастар жағында мұндай құндылықтарды ұстану жағы өте кемшін екені анықталды.

- «Бата беру» дәстүрі ұрпақ жалғастығын тауып жатқаны назар аудартты. Үлкендер жағынан бата беру дәстүрін жас балаларға да үйретіп ұрпаққа тасымалдау, насихаттау жұмыстары нәтиже беріп отырғаны байқалды.

- Шетелден (Моңғолия, Қытай) елге қоныс аударып, облыс аумағына жайғасқан қаңдастарымыздың арасында 50 жастан асқан кісілер фольклорлық және орындаушылық мұралардың (жоқтау, сыңсу, қара өлең, жарапазан, ән-күй т.б.) озық үлгілерін мольнан ұстанып отырғаны қуантты. Бірақ олардың тәуелсіздік жылдарында көшпен бірге келген немесе атажұртқа келгеннен кейінгі туған ұрпақтарының, үлкендер жағы ұстанып отырған құндылықтарға деген қызығушылығы, тасымалдануы ақсап тұрғаны байқалды. Яғни, тәуелсіздікпен бірге өсіп келе жатқан жас ұрпақтың, бұл дүниелерден бейхабар немесе үйреніп жалғастыруға құлықсыз екені анықталды. Алдағы уақытта осы құндылықтарды жас ұрпақ санасында қалдыру жұмыстарын жүргізу мәселесін жүйелі қарастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысы [Электрон. ресурс] – 2013. – URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> (қаралған күні: 13.03.2023).
2. Аравин П.В., Ерзакович Б.Г. Қазақстанның музыка мәдениеті. Мақалалар мен материалдардың жиынтығы. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – 180 б.
3. Радлов В.В. Алтын сандық. / Ред. С. Қасқабасов, К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
4. Уәлиханов Ш. Тәңірі. Таңдамалы. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2013. – 392 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Алатау баспасы, 2007. – 432 б.
6. Затаевич А.В. 1000 песен киргизского народа. – Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1925. – 464 с.
7. Затаевич А.В. 500 песен и кюев казахского народа. – Алма-Ата: Наркомпрос Казакской АССР, 1931. – 350 с.
8. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. – 442 б.
9. Бекмұханбет Б.Д., Мылтықбаева М.Ш., Сабырова Ә.С., Пазылова А.Р., Дәрібаева А.А., Қайрулла К.И. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы. – Алматы: Құрманғазы ат. ҚҰК, 2019. – 240 б.
10. Беккожина Т. Қазына. – Алматы: Жалын баспасы, 1979. – 112 б.
11. Аманов Б.Ж., Мұхамбетова Ә.И. Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр. – Астана: Мастер По, 2013. – 332 б.
12. Каракулов Б.И. Форма и ладовость в казахских обрядовых песнях // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. – №3. –1979. – 39–42 б.
13. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 б.
14. Утеғалиева С. О музыкальной стилистике домбровых кюев-шертпе // Вопросы музыкальной культуры и образования: сборник статей, посвященный 20-летию Независимости Казахстана. Вып. 2. – Алматы, 2011.
15. Ерзакович Б.Г., Қоспақов З.Қ. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1986. – 112 б.
16. Шегебаев П. Елеманова С. Қазақ музыка әдебиеті. – Астана: ҚазҰӨУ, 2011. – 104 б.
17. Бердибай А. Система вставных элементов в казахской структуре казахских традиционных песен // Поиск. - 2014. – № 2. – С. 17–22.
18. Жүзбай Ж. Мұңды қыз. Халық композиторы Аққыз Ахметқызының күй мұрасы. – Қарағанды: Болашақ баспа, 2017. – 235 б.
19. Малдыбаева Р.С. Творческая личность кюйши в музыкальной культуре XX века: диссертация на соискание степени кандидата искусствоведения: 17.00.02 - музыкальное искусство / ИЛИ им. М.О. Ауэзова. – Алматы, 2005. – 135 с.
20. Мүптекеев Б. Қазіргі қазақ музыкасы // Музыкалық-этнографиялық экспедиция материалдар жинағы. – Астана: 2012. – 60 б.
21. Сабинова А. Традиционная казахская песня в аспекте древнемифологических верований // Абай и Шакарим: философия музыки и песенный стиль. Вопросы изучения казахской традиционной песни. – Алматы, 2014. С. 196–205.
22. Байбек А. Домбра как фактор ладообразования устно-профессиональных песен Арки (практический аспект) // Материалы международной конференции «Проблемы современного музыкознания и этноорганологии», посв. 90-летию Болат Сарыбаева. – Астана, 2017. –С. 44–50.
23. Ұлы даланың көне сарындары: Антология. Үш томдық. Музыкалық фольклор. Дәстүрлі ән өнері // Жауапты редактор А.Ж. Қазтуғанова. – Алматы: Brant Book, 2019. – 752 б.
24. Стамғазиев Р., Әбуғазы М. Назқоңыр. – Алматы: 2016. – 424 б.
25. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт баспасы, 2016. – 485 б.
26. Қинаятұлы Д. Мұра. 30 жылдан таңдамалылар (1982-2012). Қазақ салт-дәстүрі туралы байымдаулар мен зерттеулер. – Шыңжаң: Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасы, 2012. – 672 б.
27. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 79: Моңғолиядағы қазақ фольклоры. – Астана: Фолиант, 2011. – 416 б.

28. Асылұлы О. Қазақтың ғұрып-әдет мәдениеті. – Шыңжаң: Әсемөнер-фотосурет баспасы, 2009. – 302 б.
29. Қазақ музыкасы. Көне музыкалық фольклор. Антология Бестомдық. I-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 516 б.
30. Аманжолов С., Жанұзақов Т. Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.
31. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 64: Жұмбақтар. – Астана: Фолиант, 2010. – 432 б.
32. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 287 б.
33. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. I том. – Алматы: 2018. – 336 б.
34. Уәлиханов Шоқан. Тәңірі. Таңдамалы. – Алматы: RS Халықаралық Абай клубы, 2013. – 392 б.
35. Шетел қазақтарының өнері: музыка мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 424 б.

References

1. Kazakstan Respublikasynda materialdyk emes madeni murany korgau zhane damyту zhonindegі tuzhyrymdama turaly [Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhylygy 29 sauirdegi № 408 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 29, 2013 No. 408 on On the concept for the protection and development of intangible cultural heritage in the Republic of Kazakhstan [Electronic resource] – 2013. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408>(Accessed: 13.03.2023).
2. Aravin P.V., Yezakovich B.G.Kazakstannyn muzyka madenieti. Makalalar men materialdardyn zhyntygy [Music culture of Kazakhstan. A set of articles and materials] (Almaty, Kazakh state publishing house, 1957, 180 p.).
3. Radlov V.V. Altyn sandyk [Golden Chest]. Ed. S. Kaskabassov, K. Islamzhanovich (Ana tili, Almaty, 1993, 256 p.).
4. Valikhanov Sh.. Taniri. Tandamaly [Taniri. Elected/Selected Works] (Poligrafkombinat Almaty, 2013, 392 p.).
5. Margulan A.Kh H. Shygarmalary [Works] (Alatau baspasy, Almaty, 2007, 432 p.).
6. Zataevich A.V.1000 pesen kirgizskogo naroda [1000 songs of the Kyrgyz people] (Kyrgyz State Publishing House Orenburg, 1925, 464 p.).
7. Zataevich A.V. 500 pesen i kjuev kazahskogo naroda [500 songs and kuis pesen i kjuev of Kazakh kazahskogo narodapeople] (People 's Commissariat of the Kazakh ASSR, Alma-Ata, 1931, 350 p.).
8. Zhubanov A. Zamana bulbuldary [Nightingales of the Times] (Kazakh state publishing house of fiction, Almaty, 1963, 442 p.).
9. Bekmukhanbet B.D., Myltykbaeva M.Sh., Sabyrova A.S., Pazylova A.R., Kairulla K.I. Kurmangazy atyndagy Kazak ul'tyк konservatorijasynyn fol'klorlyk zerthanasy [Folklore Laboratory of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory] (Kurmangazy Kazakh National Conservatory, 2019, 240 p.).
10. Bekkozhdina T.Kazyna [Treasure] (Zhalyn press, Almaty, 1979, 112 p.).
11. Amanov B.Zh., Mukhambetova A.I. Dasturli kazak muzykasy zhane XX gasyr [Traditional Kazakh music and the XX century] (Master Po, Astana, 2013, 332 p.).
12. Karakulov B.I. Forma i ladovost' v kazahskikh obrjadovyh pesnjah [Form and harmony in Kazakh ritual songs], Izvestija AN Kaz SSR. Serija filologicheskaja [News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Philological series], 3. 39–42 (1979).
13. Seidimbek A. Kazaktyn kuj oneri [Kazakh Kui art] (Kultegin, Astana, 2002, 832 p.).
14. Utegalieva S. O muzykal'noj stilistike dombrovyyh kjuev-shertpe [About the musical stylistics of dombra kuev-shertpe], Voprosy muzykal'noj kul'tury i obrazovaniya: sbornik statej, posvja-shhennyj 20-letiju Nezavisimosti Kazahstana [Questions Issues on of musical culture and education: a collection of articles dedicated to the 20th anniversary of Independence of Kazakhstan]. Is.2 (Almaty, 2011, 61–72 p.).
15. Erzakovich B. G., Alshakov Z. K. Kazaz muzyka fol'klorynyn tarihnasy [Historiography of Kazakh music folklore] (Gylym, Almaty, 1986, 112 p.).
16. Shegebayev P., Elemanova Yelemanova S. Kazak muzyka adebieti adebieti [Kazakh music literature] (Kazakh NUA, Astana, 2011, 104 p.). [In Kazakh]
17. Berdibay A. Sistema vstavnykh elementov v kazahskoy strukture kazahskikh traditsionnykh pessen [The system of insertion elements in the Kazakh structure of Kazakh traditional songs], Poisk [Search], 2, 17–22 (2014). [In Russian]

18. Zhuzbay Zh. Mundy kyz. Halyk kompozitory Akkyz Ahmetkyzynyn kuj murasy [Sad girl. Kui heritage of the folk composer Akkyz Akhmetovna]. Bolashak baspa, Karagandy, 2017, 235 p.). [In Kazakh]
19. Maldybaeva R.S. Tvorcheskaja lichnost' kjujshi v muzykal'noj kul'ture XX veka: dissertacija na soiskanie stepeni kandidata iskusstvovedeniija: 17.00.02 - muzykal'noe iskusstvo/ ILI im. M.O. Aujezova [The creative personality of Kuishi in the musical culture of the twentieth century: dissertation for the degree of Candidate of Art History: 17.00.02 - musical art], ILI im. M.O. Aujezova M.O. Auevov [Institute of Literature and Art] (Almaty, 2005, 135 p.). [In Russian]
20. Muptekeev B. Kazirgi kazak muzykasy [Modern Kazakh music], Muzykalyk-jetnografijalyk jekspedicija materialdar zhinagy [Collection of musical and ethnographic expedition] (Astana, 2012, 60 p.). [In Kazakh]
21. Sabirova A. Tradicionnaja kazahskaja pesnja v aspekte drevnemifologicheskikh verovanij [Traditional Kazakh song in the aspect of ancient mythological beliefs], Abaj i Shakarim: filosofija muzyki i pesennyj stil'. Voprosy izuchenija kazahskoj tradicionnoj pesni [Abai and Shakarim: Philosophy of music and song style. Questions of studying the Kazakh traditional song] (Almaty, 2014, 196–205 p.). [In Russian]
22. Baibek A. Dombra kak faktor ladoobrazovanija ustno-professional'nyh pesen Arki (prakticheskij aspekt) [Dombra as a factor in the formation of oral-professional songs of the Arch (practical aspect)], Materialy mezhdunarodnoj konferencii «Problemy sovremennogo muzykoznanija i jetnoorganologii», posv. 90-letiju Bolata Sarybaeva [Materials of the international conference «Problems of modern musicology and ethnoorganology», dedicated to the 90th anniversary of Bolat Sarybayev] (Astana, 2017, 44–50 p.). [In Russian]
23. Uly dalanyn kone saryndary: Antologija. Ysh tomdyk. Muzykalyk folklor. Dasturli an oneri [Ancient times of the Great Steppe: an anthology. Three volumes. Musical folklore. Traditional singing art]. Responsible editor A. Zh.Kaztuganova (Almaty, BrantBook, 2019, 752 p.). [In Kazakh]
24. Stangaziev R., Abugazy M. Nazkonyr [Nazkonyr] (Almaty, 2016, 424 p.). [In Kazakh]
25. Abugazy M. Kazaktyn dombyra oneri (Nursat press, Almaty, 2016, 485 p.). [In Kazakh]
26. Kynayatuly D. Mura. 30 zhyldan tandamalyar (1982-2012) [Heritage. Selected from 30 years (1982-2012)], Kazak salt-dasturi turaly bajym-daular men zertteuler [Enrichment and research on Kazakh traditions] (Xinjiang, Xinjiang art-photography publishing house, 2012, 672 p.). [In Kazakh]
27. Babalar sozi: Zhuz tomdyk. T. 79: Mongolijadagy kazak fol'klory [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 79: Kazakh folklore in Mongolia] (Foliant, Astana, 2011, 416 p.). [In Kazakh]
28. Asyluly O. Kazaktyn guryr-adet madenieti [Kazakh Customs and Customs Culture] (Art-photography publishing house, Xinjiang 2009, 302 p.). [In Kazakh]
29. Kazak muzykasy. Kone muzykalyk folklor. Antologija Bestomdyk. Kazakh music [Vintage musical folklore. The Anthology Is Bestomic]. Vol. I. (Kazakparat, Almaty, 2005, 516 p.). [In Kazakh]
30. Amanzholov S., Zhanuzakov T. Kazaktyn halyk zhumbaktary. Kazakh Folk Riddles (Kazakh state publishing house of fiction, Almaty, 1959, 244 p.). [In Kazakh]
31. Babalar sozi: Zhuz tomdyk. T. 64: Zhumbaktar [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 64: riddles] (Foliant, Astana, 2010, 432 p.). [In Kazakh]
32. Kerim Sh. Kazak zhumbagy [Kazakh Riddle] (Sanat, Almaty, 1999, 287 p.). [In Kazakh]
33. Gabdullin M. Kazak halkynyn auyz adebieti [Oral Literature of the Kazakh People]. Vol. I (Almaty, 2018, 336 p.). [In Kazakh]
34. Valikhanov Shokan. Taniri. Tandamaly [Taniri. Elected/Selected Works] (RS International Abai club, Almaty, 2013, 392 p.). [In Kazakh]
35. Shetel kazaktarynyn oneri: muzyka madenieti [Art of Foreign Kazakhs: Music Culture] (Kazak universiteti, Almaty, 2014, 424 p.). [In Kazakh]

A. Maulet¹, A. S. Sabirova²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Kazakhstan

Educational significance of the folklore heritage of the Kazakhs of Saryarka

Abstract. The article describes the spiritual heritage of the Kazakhs of Saryarka, including issues of collection, preservation, study of folklore heritage, which has been transferred from generation to generation over the centuries, as well as the role of these spiritual values in the education of generations. Considering scientific research expeditions of different periods about the spiritual heritage of Kazakhs inhabiting Saryarka, we can conclude that foreign travelers and domestic scientists who visited the Saryarka steppe, in their works on everyday life and ethnography of Kazakhs studied the best samples of folklore heritage of the Kazakhs of Saryarka (zhoktau, zharapazan, karaolen, riddles, sayings and etc.), as well as the works of folk composers-classics and various genres of performing art. The folklore heritage of the Kazakhs of Arka has its own national character, due to the specifics of regional and ethnic settlement. After Independence, our fellow countrymen from abroad moved to settlements of Karaganda region. Along with our fellow countrymen a lot of heritage that has disappeared from the consciousness of the modern young generation, became a symbol of Kazakh customs and traditions, performing art and ethnographic values, has come down to us. In the scientific analytical part of the article, the samples of the folklore heritage of indigenous Kazakhs inhabiting the Saryarka region are compared with the values of the fellow countrymen from abroad and formulated in terms of regional-executive common features and national spiritual integrity. The valuable data on folklore heritage, such as «Kara Olen», «Zharapazan», «Zhoktau», «Riddles», and «Proverbs» were selected based on the materials on the Kazakhs of Saryarka, collected during the research expedition.

Keywords: Saryarka steppe, spiritual heritage, folklore heritage, bata (blessings), riddle, synsu, zhoktau.

A. Маулет¹, А. С. Сабирова²

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахская национальная консерватория им. Курмангазы, Алматы, Казахстан

Воспитательное значение фольклорного наследия казахов Сарыарки

Аннотация. В статье рассматривается духовное наследие казахов Сарыарки, в том числе вопросы сбора, сохранения, изучения фольклорного наследия, которое передавалось из поколения на протяжении веков, а также роль этих духовных ценностей в воспитании поколений. Изучая научно-исследовательские экспедиции разных периодов о духовном наследии казахов Сарыарки, можно сделать вывод, что зарубежные путешественники и отечественные ученые, посещавшие Сарыаркинскую степь, в своих работах о быте и этнографии казахов исследовали лучшие образцы фольклорного наследия казахов Сарыарки (жоктау, сынсу, жарапазан, кара олен, загадки, поговорки и т.д.), а также произведения народных композиторов-классиков и различные жанры исполнительского искусства. Фольклорное наследие казахов Арки имеет свой национальный характер, обусловленный спецификой регионального и этнического расселения. После обретения Независимости наши сородичи переселились в населенные пункты Карагандинской области. Вместе с ними дошло до нас духовное наследие, которое исчезло из сознания нынешнего молодого поколения и стало символом казахских обычаев и традиций, исполнительского искусства и этнографических ценностей. В научной аналитической части статьи образцы фольклорного наследия коренных казахов, населявших Сарыаркинский регион, сопоставляются с ценностями наших сородичей, рассматриваются с точки зрения регионально-исполнительских общих черт и национальной духовной целостности. Представленные в статье ценные данные о фольклорном наследии, такие как «Кара олен», «Жарапазан», «Жоктау», «Загадки», «Поговорки», были отобраны на основе материалов по казахам Сарыарки, собранных в ходе научно-исследовательской экспедиции.

Ключевые слова: Сарыаркинская степь, духовное наследие, фольклорное наследие, бата (благословение), загадки, сынсу, жоктау.

Авторлар туралы мәлімет:

Маулет А. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты, ҚР Ұлттық музейінің бөлім жетекшісі, Астана, Қазақстан.

Сабырова А.С. – өнертану кандидаты (PhD), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, Алматы, Қазақстан.

Maulet A. – PhD, postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Head of the Department of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Sabyrova A.S. – Candidate of Art History (PhD), Professor of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan.